

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоғамдық байқау комиссияларын құру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі N 924 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 925 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.11.2015 № 925 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 19-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоғамдық байқау комиссияларын құру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 6 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 2 4 қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоғамдық байқау комиссияларын құру ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес әзірленді және облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоғамдық байқау комиссияларын құру тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.09 № 1313 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қоғамдық байқау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында , жалпы танылған қағидаттарда және халықаралық құқық

нормаларында , Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін құрылады.

2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комиссия еріктілік, тең құқылық, өзін-өзі басқару және заңдылық негізінде әрекет етеді.

4. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының қызметіне, сондай-ақ жедел-іздістіру, қылмыстық іс жүргізу қызметіне және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге араласуға жол берілмейді.

5. Комиссияның өкілеттігі Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасымен айқындалады.

2. Комиссияны құру тәртібі

6. Комиссиялар түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға медициналық-санитарлық қамтамасыз етуді ұстау шарттары, еңбекті, демалыс пен оқуды ұйымдастыру бөлігінде олардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда жәрдем көрсету мақсатында қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға және түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының әкімшілігіне түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау мақсатында жәрдем көрсетуге ниет білдірген қоғамдық бірлестіктің, қоғамдық бірлестіктер одақтарының (қауымдастықтарының) бастамасы бойынша құрылады. Комиссиялар заңды тұлғалар болып табылмайды.

7. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында бір ғана облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Комиссия құрылады және әрекет етеді. Оның жұмысына қатысуға ниет білдірген басқа қоғамдық бірлестіктердің құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында бастамашылар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және өзге де тәсілдермен басқа қоғамдық бірлестіктерге Комиссияның құрылуы туралы ақпарат береді және оның жұмысына қатысуға ұсыныс жасайды.

8. Комиссия 3-тен 9 адамға дейінгі құрамда құрылады. Комиссияны Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланатын төраға басқарады, ол жұмысты жоспарлайды, Комиссия қызметіне басшылықты және бақылауды жүзеге асырады.

9. Мынадай азаматтар Комиссия мүшелері бола алмайды:

1) өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар;

- 2) қылмыс жасауда күдікті немесе айыпталушы;
- 3) түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың жұбайы немесе зайыбы, жақын туыстары;
- 4) құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
- 5) сот әрекет етуге қабілетсіз деп таныған адамдар.

10. Комиссия мүшесінің өкілеттігі осы Ереженің 9-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде, сондай-ақ мына кезде тоқтатылады:

- 1) Комиссия мүшесі өз өкілеттігін тапсыру туралы жазбаша өтініш берген;
- 2) Комиссия мүшесі қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 3) Комиссия мүшесінің кандидатурасын ұсынған қоғамдық бірлестік шешім шығарған;
- 4) Комиссия мүшесінің кандидатурасын ұсынған қоғамдық бірлестік таратылған;
- 5) Комиссия шешім шығарған.

Көрсетілген жағдайлар орын алған кезде Комиссия мүшесі немесе Комиссия төрағасы қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органына хабарлайды.

11. Қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органына Комиссияның дербес құрамы бекітілген және оның төрағасы сайланған бірінші отырысының хаттамасын ұсынуы Комиссия қызметінің басталуы болып табылады.